

вление оценки реальной перспективы и конкурентоспособности территориальной экономики.

Таким образом, развитие банковского сектора и динамика количественных параметров во многом зависят от темпов развития региона. Уровень развития банковского сектора играет важную роль в обеспечении более сбалансированного распределения финансовых ресурсов в территориальном отношении, расширения предложения банковских услуг и создания банков, в том числе филиалов крупных банков из других регионов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Отчет о развитии банковского сектора и банковского надзора в 2014-2015 гг. – М.: НБК
2. <http://www.region-press.kz/content/item>
3. Статистический бюллетень Национального банка Республики Казахстан. Сайт Национального банка Республики Казахстан. URL:http://www.nationalbank.kz/content/publish145442_7840.pdf (дата обращения: 15.12.2015).
4. Фетисов Г.Г. Региональная экономика и управление / Г.Г. Фетисов, В.П. Орешин. – М.: ИНФРА-М, 2006. – С. 416.

REFERENCES

1. *Otchet o razvitii bankovskogo sektora i bankovskogo nadzora v 2014-2015 gg. M. NBK (in Russ).*
2. <http://www.region-press.kz/content/item>
3. *Statisticheskij bjulleten' Nacional'nogo banka Respubliki Kazahstan. Sajt Nacional'nogo banka Respubliki Kazahstan. URL: http://www.nationalbank.kz/content/publish145442_7840.pdf data obrashhenija 15.12.2015 (in Russ).*
4. Fetisov G.G., Oreshin V.P., *Regional'naja jekonomika i upravlenie. G.G.Fetisov. M INFRA M., 2006, 416 (in Russ).*

ӘОЖ 751.9 (574)

К.Т. НЕМЕРЕНЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

БАНКТЕГІ АРНАЙЫ ШОТТАРДАҒЫ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ

Мақалада Қазақстан Республикасының аймағында ақшаны төлеу мен аударуды жүзеге асыруда банктегі арнайы шоттардағы ақша қаражаттарын, соның ішінде аккредитивтегі, чек кітапшаларындағы ақша қаражаттарын есепке алу және есеп айырысу тәртібі қарастырылады.

Түйін сөздер: банк, аккредитив, вексель, эмитент, шоттар, төлем, чек, бенефициар.

ПОРЯДОК УЧЕТА ДЕНЕЖНЫХ СРЕДСТВ НА СПЕЦИАЛЬНЫХ СЧЕТАХ В БАНКЕ

В статье рассматриваются порядок осуществления платежей и перевода денежных средств со специальных банковских счетов в Республике Казахстан, а также порядок учета и расчетов аккредитивов, денежных средств на чековых книжках.

Ключевые слова: банк, аккредитив, вексель, эмитент, счета, платежи, чек, бенефициар.

ORDER OF ACCOUNTING OF FUNDS ON THE SPECIAL ACCOUNTS IN BANKS

The article considers the procedure for payment and the transfer of funds from the special bank accounts in the Republic of Kazakhstan, as well as the accounting and settlement of credit, cash on check books.

Keywords: bank, bill of credit (L/C), bill, issuer, accounts, payments, check, beneficiary.

Ақша қаражаттары ең өтімді активтер қатарына жатады. Тез қолданылатын себебі, ақшалай есептесу арқылы кез келген операцияны жүргізуге болады және міндеттемелерді орындау үшін ұзақ уақыт талап етілмейді. Ақшалай қаржының болуы, алашақтары барлармен, қызметкерлермен дер кезінде есептесіп отыруға мүмкіндік береді. Ақша қаражаттарының бір бөлігі қызметкерлермен еңбекақы бойынша қолма-қол есеп айырысу үшін, қолма-қол ақшаға құндылықтарды сатқаны үшін есеп беретін адамдар пайдаланады. Мұндай қаражаттар кассада сақталып, сол арқылы айналымға түседі. Есеп айырысу операцияларының тиімділігі көбіне ақша қаражаттарының бухгалтерлік есебінің жағдайына тәуелді.

Барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерде өндірілген өнімді сату барысында, сондай-ақ материалдық құндылықтарды, негізгі құралдарды, тауарларды сатып алғанда немесе көрсетілген қызметке және бюджетке немесе бюджеттен басқа да мекемелерге әртүрлі төлемдерді төлеуге байланысты түрлі операциялар пайда болады. Әрбір кәсіпорын, ұйым, мекеме немесе фирма әдетте бір уақытта өндірілген өнімін сатып немесе қызмет көрсетіп, жабдықтаушы ретінде болатын болса, екіншіден, сол өнімдерді өндіріп шығару үшін қажет болатын шикізаттар және материалдармен жабдықтайтын жабдықтаушылар алдында сатып алушы болып табылады. Осындай кәсіпорындар мен ұйымдардың, фирмалардың арасында алашақ және берешек операциялар көбіне қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз төлеу арқылы жүргізіледі.

Ақша қаражаттарының есебін жүргізу үшін, бухгалтерлік есептің типтік шоттарының үлгілік жоспарындағы «Қысқа мерзімді активтер» атты 1-бөлімінің 1010-1060 шоттарының тобы пайдаланылады. Оған кассадағы ақша қаражаттары теңгемен, валютамен; ағымдағы ақша қаражаттары теңгемен, валютамен;

жолдағы ақша қаражаттары; карт-шоттарындағы ақша қаражаттары және өзге де ақша қаражаттары жатады.

Барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер өз ақша қаражаттарын банк мекемелерінің тиісті шоттарында сақтап және міндеттемелері бойынша төлемдерін, әдетте осы мекемелер арқылы ақшасыз нысанда, ал қажет жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің нормативтік құжаттарымен белгіленген шегінде нақты ақшамен есептесуді жүзеге асырады. Егер де заңды тұлғалардың арасындағы төлем сомасы 4000 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асып түссе, онда олар тек ақшасыз тәртіпте есеп айырысуларды жүзеге асырады. Бұл келтірілген мәлімет заңды тұлғалардың арасындағы әрбір мәміле (контракт, келісімшарт) бойынша шартты түрде пайдаланылады. Егер де контракт сомасы көрсетілген лимиттен асатын болса, онда төлем ақшасыз тәртіпте орындалуы керек, тіптен олар жартылай орындалса да, әрбір төлемнің сомасы 4000 АЕК-тен аспауы керек.

ҚР-ның аймағында ақшаны төлеу мен аударуды жүзеге асыруда қолма-қол ақшаны аударуды; төлем тапсырманы ұсынуды; чектерді беруді; вексельдерді немесе олардың индоссаменттері арқылы беруді; төлем карточкасын пайдалануды; тікелей дебеттік банкі шоттарына аударуды; тапсырма-талап төлемдерін ұсынуды; инкассалық жарлығын ұсынуды; республиканың заң актілерімен белгіленген басқа да әдістер пайдаланылады. Төлеуші мен алушылар өзара есеп айырысу нысандарын келісімшарт негізінде анықтайды, сондай-ақ олардың арасында болатын талаптары мен міндеттемелерін зачетқа да жатқыза алады.

Банктегі жинақ шоттарын ашқан кезде, банктер салымдарды салушылардан қабылдауға келісімшартта көрсетілген тәртіпте, оларға марапаттау төлеуге және әрекет етіп тұрған заң актілері мен келісімшартта қарастырылған тәртіпте және келісілген жағдайында салымдарды қайтаруды өз міндетіне алады. Егер де банкте шот иесінің пайдасына жаңылыс аударылып кеткен ақша қаражатының фактісі анықталса, онда ол сол қаражаттарды шот иесіне хабарламай-ақ қатесін жөндеуге құқылы. Бірақ бұл жағдай келісімшартта қарастырылғаны жөн. Жаңадан ашылатын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жарғылық капиталын төлегенін қуаттайтын құжаттарды ұсынуы тиіс, ол үшін келісімшарттың негізінде оларға уақытша жинақ шоттарын ашады. Ал мемлекеттік тіркеуден өткен соң заңды тұлғаға ағымдағы шоттар ашылады.

Кәсіпорындар банктердің арнаулы шоттарында жасалатын операцияларының есебін 1060 – «Банктегі арнайы шоттардағы ақша қаражаттар» деген бөлімшесінің шоттарында жүргізеді. Олардың қатарына келесі шоттар кіреді:

«Аккредитивтегі ақша қаражаттары» шоты. Бұл шотта аккредитивтегі ақша

қаржыларының қозғалысы есепке алынады.

Аккредитив – клиенттің тапсыруымен өзі келісімге отырған контрагенттің пайдасына берілген банктің сөзсіз орындалуы тиісті міндеттемесі. Ол бойынша аккредитив ашқан банк (банк-эмитент) жабдықтаушыларға төлем жасай алады немесе осындай төлемдерді олар аккредитивте көзделген құжаттарды ұсынған жағдайда басқа банктердің жүзеге асыруына өкілеттік бере алады.

Аккредитивтің келесі түрлері ашылады:

Жабылатын (депоненттелген); қайтарып алынатын немесе қайтпайтын; дәлелденген және трансферабельдік (аудармалы) болып бөлінеді.

Жабылатын аккредитивті ашқан кезде банк-эмитент орындаушы банкке аккредитивтің сомасын оның билігіне беріп, ал ол өзінің міндеттемесінің әрекет ету мерзіміне осы ақшаны мүмкіндігінше аккредитив бойынша төлем жасау үшін пайдаланатын жағдаймен келіседі.

Қайтарып алынатын аккредитивті банк-эмитент бенефициармен алдын ала келіспей-ақ (мысалға, келісімшартта қаралған жағдайды сақтамаған жағдайда) жоюы немесе өзгертуі мүмкін. Қайтарып алынатын аккредитив жағдайында барлық билікті өзгерту туралы жағдайды төлеуші тек банк-эмитент арқылы бенефициарға бере алады. Бірақ өзгерту мен жоюдың алдында орындаушы банк, аккредитив жағдайына сәйкес, бенефициар қойған және бенефициар банкісі қабылдаған құжаттарды төлеуге міндетті.

Қайтпайтын (немесе қайтарып алынбайтын) аккредитивте банк-эмитенттің барлық жағдайын орындаған кезде аккредитив бойынша төлем жасауды қатаң түрде өз міндетіне алады. Қайтпайтын аккредитив бенефициардың келісімінсіз өзгертуге немесе жоюға жатпайды.

Бенефициар аккредитивтің пайдалануын өз мерзімінен бұрын тоқтата алады, егер де бұндай жағдай шартта қаралса.

Дәлелденген аккредитив – бұл банк-эмитент болып саналмайтын басқа орындаушы банктердің қосымша кепілдігі бар болса ғана жүзеге асатын аккредитив.

Трансферабельдік (аударма) аккредитив – бұл бенефициардың өзінен басқа (екінші бенефициар болып саналатын) бірнеше тұлғаның немесе аккредитивті толық немесе ішінара пайдаланатын мүмкіндігін қарастыратын аккредитив [1].

Аккредитив тек бір ғана бенефициармен есеп айырысуға арналуы мүмкін. Аккредитив бойынша есеп айырысу тәртібі және оның мерзімі бенефициар мен төлеушінің арасындағы келісімшартта белгіленеді. Сондай-ақ келісімнің ішінде: банк-эмитенттің атауы, аккредитивтің түрі және оны пайдалану тәсілі, аккредитивтің ашылғаны жөнінде жабдықтаушыны хабардар ету тәсілі, аккредитив бойынша қаржы алу үшін бенефициар ұсынған құжаттардың толық тізімі және нақты сипаттар, тауарларды тиегеннен кейін құжаттарды ұсыну

мерзімі, оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар, басқа қажетті құжаттар мен шарттары болуы қажет.

Аккредитивтің қандай түрде жататындығы анық болуы керек, яғни қайтарып алынатын ба, жоқ әлде қайтарып алынбайтын ба, егер де бұндай белгілер анық болмаса, онда ондай аккредитивтер қайтарып алынбайтын болып саналады. Сондай-ақ аккредитивтің пайдалану тәсілі де анық болғаны жөн: ұсынған азаматта төленетін немесе бөліп-бөліп төлеуге болатын және аудармалы вексельді акцептеу немесе негодациялау үшін пайдаланатын болып бөлінеді. Аккредитив бойынша қаржы алу үшін бенефициар тауарларды тиеген соң, тауарлардың тиелгені жөнінде және басқа да аккредитивтің шарттарында көзделген құжаттарды қызмет етуші банк мекемесіне ұсынады. Аккредитив бойынша төлемді растайтын құжаттар жабдықтаушы арқылы банкке аккредитивтің мерзімі өткенге дейін ұсынылуы және аккредитивтің барлық шарттарының орындалғанын айғақтауы керек. Осы шарттың біреуі бұзылған жағдайда аккредитив бойынша төлеу жүзеге асырылмайды.

Бенефициар банкісі аккредитив бойынша қаржының дұрыс пайдаланылуын бақылайды, сол үшін аккредитив беруші оған аккредитив сомасынан белгіленген көлемде делдалдық ақша төлейді. Аккредитив ұсынылған тапсырыста делдалдық ақшаның сомасы жеке көрсетіледі. Бенефициар банк (атқарушы банк) аккредитивті төлеу кезінде жабдықтаушының аккредитив бойынша барлық шарттарын сақтағанын тексереді. Сондай-ақ шоттар тізбесінің дұрыс рәсімделгенін, ондағы бенефициардың қолы мен мөрінің белгіленген үлгіге сай болуын тексеруге міндетті. Егер аккредитив шарттарында уәкілетті сатып алушының келісімі көзделген болса, онда акцептік жазбаның бар болуы және уәкілдің қолының ұсынылған үлгіге сәйкестігі тексеріледі. Сатып алушының уәкілі жабдықтаушылардан тауарды қабылдап алған кезде шот тізбесінде тауардың тиелген күні, тауарлы көлік құралдарының нөмірі, тауарды байланыс мекемелері арқылы жөнелткен жағдайда пошта квитанциясының нөмірі, қабылдау, қабылдау-өткізу құжаттарының нөмірі немесе толтырылған күні және тауар жөнелтілген көліктің түрі көрсетілмесе шот тізбесін төлеуге беруге болмайды.

Жабдықтаушы арқылы банкке регистрдің (шот тізбесінің) үш данасы ұсынылады, олардың ішінен бір данасы мемориалды ордер ретінде пайдаланғаны үшін, үшінші данасы шот-тізбесінің қабылданғанын білдіретін қолхат ретінде жабдықтаушыларға беріледі де, ал екінші данасы тауарлы-көлік құжаттарының хаттамасы мен және банктің белгісімен жабдықтаушыға тапсыру үшін банк-эмитентке жіберіледі.

Аккредитивті қолма-қол ақша түрінде төлеуге рұқсат етілмейді. Егер аккредитивтің шарттарымен уәкілетті сатып алушының акцепт көзделген болса,

онда аталған тұлғалар атқарушы банкке келесі құжаттарды: төлқұжат немесе оны алмастыратын құжат; банкте жоқ болған жағдайда өз қолының үлгісін (қолдың үлгілері карточкасының бланкісіне толтырылады); іссапар куәлігі немесе аккредитив ашқан ұйым берген сенімхатын ұсынуға міндетті.

Аккредитив есебінен төлеу үшін, акцептелінген шоттар тізбесінде немесе тауарлы көлік құжаттарында (накладнойында) өкілеттік берілген акцепт жөнінде жазбаны береді. Аккредитивтің мерзімінің өтуіне байланысты жабдықтаушыға қызмет көрсететін банктегі аккредитив жабылады. Аккредитивтің жабылғаны жөнінде атқарушы банк-эмитенті хабардар етеді. Жабдықтаушыға қызмет көрсететін банкке пайдаланылмаған сомаларының көрсетуімен қаржылар алынған шотқа аударылады, сатып алушының өзімен тұтастай немесе бөлшектеп кері қайтарылған аккредитивтің сомаларына банк эмитенттен мәлімдеме келіп түскен күні кемітіледі.

Аккредитивтің жабылғаны жөнінде банк-эмитентке хабарлама жіберіледі. Банктің кінәсінен жіберілген кемшіліктерден басқа барлық бенефициярға түскен шағым банктің қатысуынсыз тараптардың өз арасында таралады. Егер аккредитив қысқа мерзімге берілген немесе ұзақ мерзімге берілген несиелердің есебінен ұсынылған болса 3010 – «Банк несиелері» шотында, ал егер аккредитив ағымдағы банк шотынан ұсынылған болса 1030 – «Ағымдағы банк» шотында аккредитивтің ашылуы мүмкін, ол кезде жоғарыдағы шоттар (1030, 3010) кредиттеледі де, 1060 – «Аккредитивтегі ақша қаражаттары» шоты дебеттеледі [2].

1-кесте – Банктегі арнайы шоттардағы ақша қаражаттарының есебі бойынша жүргізілетін бухгалтерлік есеп операцияларының негізгі корреспонденциясы

№	Операциялардың мазмұны	Шоттар номерлері	
		дебет	кредит
1	Ақшалар бойынша ашылған аккредитивтер	1060	1030
2	Банк несиесі есебінен қойылған аккредитивтер	1060	3010
3	Ашылған аккредитивтер арқылы жабдықтаушыларға жіберілген тауарларының және материалдарының құны төленді	3310	1060
4	Ашылған аккредитивтің пайдаланылмай қалған сомасы ағымдағы банк шотына қайтарылды	1030	1060
5	Кәсіпорынға чек кітапшасын бергенде депоненттелген сома	1060	1030, 3010
6	Жабдықтаушыларға және басқаларға арнайы шоттардан чек кітапшалары бойынша берешек сомалар төленгенде	3310, 3390	1060

«Чек кітапшаларындағы ақша қаражаттары» шоты бойынша есеп айырысу

чек кітапшаларындағы чектер арқылы есепке алынады. Чек – бұл өзінің шот есебінен қаражатты алушының (чек ұстаушы) шотына белгілі бір соманы аудару жөніндегі арнаулы қағаз (бланкке) толтырған клиенттің (чек берушінің) өзіне қызмет көрсететін банкке берген жазбаша тапсырмасы.

Чек кітапшасы бойынша депоненттелген сомасы берілген кезде 1060 шоты дебеттеліп, 1030, 1050, 3010 шоттары кредиттеледі.

Банктегі арнайы шоттардағы ақша қаражаттарының есебі бойынша жүргізілетін бухгалтерлік есеп операцияларының негізгі корреспонденциясы 1-кестеде ұсынылған.

1060 – «Банктердегі арнайы шоттардағы қолма-қол қаражаттар» шотында айрықша сақтауды талап ететін қаражаттар есепке алынады. Бұлар: үкіметтің жәрдемі ретінде алынған қаражат; жергілікті бюджеттен мақсатты қаржыландыру; мектепке дейінгі балалар мекемелерін қаржыландыратын кәсіподақ және басқа да ұйымдардың қаражаты; мәдени-ағарту мекемелерінің, демалыс лагерлері ата-аналардың балаларын балалар мекемесінде ұстауға жұмсайтын қаражаттары; кәсіпорынның өтініші бойынша жеке шоттан күрделі қаржыны қаржыландыруға шоғырландырылатын және жұмсалатын қаражаттар. 1060 – «Басқа да ақша қаражаттар» шотында субъектінің құрамына кіретін филиалдардың, құрылымдық бірліктердің ақша қаражаттары көрініс табады, онда ағымдағы шығыстарын (еңбекақы, кейбір шаруашылық шығыстары, іссапар шығыстары т.б.) жүзеге асыру үшін жергілікті банк мекемелерінде ағымдағы шотын ашады.

Банктік шоттар теңгемен де, шетел валютасымен де ашылып, жүргізіле береді және өз ішінде ағымдағы, жинақтық және корреспонденттік шоттар болып бөлінеді. Банк шоты келісімі бойынша ағымдағы немесе корреспонденттік шот ашқанда банк тапсырыс берушінің пайдасына келіп түскен ақшаны қабылдауға, тапсырыс берушінің қандай да бір ақша сомасын өзіне немесе үшінші тұлғаларға аудару (беру) және басқа да банк шоты келісімінде көзделген қызметтер көрсетуге міндеттеме алады.

Банк мекемесі шот иелерінің олардың шоттарында бар соманың аяғындағы қаражатты есептен шығару жөніндегі өкімдерін орындайды. Кәсіпорынның келісімінсіз тек дау тудырмайтын, мемлекеттік арбитраж, халықтық сот, салық немесе қаржы органдарының шешімімен белгіленген төлемдер ғана атқарылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кеулімжаев Қ.К. Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері / Қ.К. Кеулімжаев, Н.А. Құдайбергенов. – Алматы: Экономика, 2006. – 129 б.
2. Әбдішүкіров Р.С. Бухгалтерлік есеп / Р.С. Әбдішүкіров, Б.С. Мырзалиев. – Алматы, 2008. – 56 б.

REFERENCES

1. Keulimzhaev Q.K., *Buhgalterlik esep teoriyası zhane negizderi* Q.K. Keulimzhaev, N.A. Qudaibergenov. *Almaty. Ekonomika, 2006, 129 (in Kaz)*.

2. Abdishykirov R.S.6 *Buhgalterlik esep*. R.S. Abdishykirov, B.S. Myrzaliev. *Almaty, 2008, 56 (in Kaz)*.

УДК 330.34(574.42)

Р.С. ПАМАЗАНОВА

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ВКО: ПРОМЫШЛЕННЫЙ КЛАСТЕР

В статье показано социально-экономическое развитие Восточно-Казахстанской области в промышленном секторе. Приведены статистические данные 1997, 2007 и 2015 гг. и проведен сравнительный анализ.

Ключевые слова: промышленный кластер, статистические данные, сравнительный анализ, горнодобывающий, показан социально-экономическое развитие.

ШҚО ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗІ: ӨНЕРКІСПТІК КЛАСТЕР

Мақалада Шығыс Қазақстан облысының өндірістік саласындағы әлеуметтік-экономикалық дамуын көре аламыз. 1997, 2007, 2015 жылдардағы статистикалық мәліметтер келтіріліп, анализ жасалынған. Өнеркәсіптік сектордың, соның ішінде: тау-кен қазба жұмыстары, өңдеу, тамақ өнеркәсібі және инвестиция саласының дамуына байланысты облыстың осы кезеңдегі әлеуметтік дамуының көрсеткіштері айқын келтіріледі.

Түйін сөздер: статистикалық мәліметтер, өндіріс, өнеркәсіптік кластер, тамақ өнеркәсібі, инвестиция, Шығыс Қазақстан.

COMPARATIVE ANALYSIS OF SOCIAL AND ECONOMIC DEVELOPMENT EKO: INDUSTRIAL CLUSTERS

In this article, we can see the development of socio-economic development of the East Kazakhstan region in the industrial sector. The statistical data in 1997, 2007 and 2015 and a comparative analysis is carried out. Due to the development of industry in the area, including: reworking, mining, investment and food industries, shows the socio-economic development during this period.

Keywords: industrial clusters, comparative analysis, East Kazakhstan, the development of industry, the socio-economic development during.

В Республике Казахстан одним из наиболее привлекательных регионов с точки зрения формирования и развития кластерных структур является Восточно-Казахстанская область (ВКО), которая образована в 1932 году. Территория